

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 357 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 4 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3920. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 24 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 24 Қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1080 тіркелген, 2000 жылғы 13-26 наурызда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 6 (176) басылымдарында жарияланған), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 352 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1275 тіркелген); 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1574 тіркелген); 2003 жылғы 20 қарашадағы N 399 қаулыларымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2610 тіркелген) енгізілген өзгерістермен және толықтыруларымен) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі нұсқаулықта:

3 - тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) салық төлеушінің аты-жөні, тіркеу нөмірі (ондай болса), экономика

секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/резидент емес), сақтандырушының мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін);";

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) салық төлеушінің атауы, тіркеу нөмірі (ондай болса), экономика секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/резидент емес), мекен-жайы, сақтандырушының банктік деректемелері (заңды тұлғалар үшін);";

7) тармақшада "оны төлеудің тәртібі мен" деген сөздер "валюта түрі мен оны төлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақшадан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Экономика секторының коды және резиденттік белгісі (резидент/резидент емес) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1011 тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

Резиденттік мәртебе " Валюталық реттеу туралы " Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады. Мыналар резиденттерге жатқызуға негіз болып табылады:

жеке тұлғалар үшін - жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін), не Қазақстан Республикасында тұрақты өмір сүру құқығын растайтын құжат (шетел азаматтары және азаматтығы жоқ а д а м д а р ү ш і н) ;

заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәлік."

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржылық ұйымдарды қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне жіберілсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК